

## Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 129 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 20 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4516 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 154 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 154 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап мына қаулылардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2005 жылғы 29 қазандағы N 134 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3971 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 2005 жылғы 1 - 30 қарашада жарияланған);

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2005 жылғы 29 қазандағы N 134 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 12 тамыздағы N 75 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4410 тіркелген, "Заң газеті" және "Юридическая газета" республикалық газеттерінде 2006 жылғы 18 қазанда жарияланған).

4. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Дюгай Н.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, екінші деңгейдегі банктерге және "Қазақстан Қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен (Дюгай Н.Н.) жариялау үшін өтінім алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау үшін шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З.Айманбетоваға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығы мен қаржы ұйымдарын  
реттеу және қадағалау агенттігінің  
Т ө р а ғ а с ы

2006 жылғы 25 желтоқсан

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы  
Статистика агенттігі  
Т ө р а ғ а с ы

2006 жылғы 22 желтоқсан

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы Индустрия  
және сауда министрлігі

2006 жылғы 28 желтоқсан

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрлігі

2007 жылғы 6 қаңтар

**" К Е Л І С І Л Д І "**  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

2007 жылғы 3 қаңтар

**" К Е Л І С І Л Д І "**  
Қазақстан Республикасы Экономика  
және бюджеттік жоспарлау министрлігі

2006 жылғы қаңтар

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2006 жылғы 11 желтоқсандағы  
N 129 қаулысымен бекітілген

## **Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесі**

Ескерту. Ереженің бүкіл мәтіні бойынша "валюта шартын", "валюта шартының", "валюта шарты", "валюта шартында", "Валюта шартын", "валюта шартына", "валюта шарттары" деген сөздер "валюталық шартты", "валюталық шарттың", "валюталық шарт", "валюталық шартта", "Валюталық шартты", "валюталық шартқа", "валюталық шарттар" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

Осы Ереже "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібін, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) валюталық операцияларды тіркеу және Ұлттық Банкке валюталық операциялар туралы хабарлау тәртібі мен шарттарын белгілейді.

### **1-бөлім. Жалпы ережелер 1-тарау. Негізгі ұғымдар, терминдер және ережелер**

1. Осы Ережеде қолданылатын ұғымдар "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) көрсетілген мәндерде пайдаланылады.

2. Осы Ереженің мақсаттары үшін мынадай терминдер мен ұғымдар п а й д а л а н ы л а д ы :

1) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы - Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының негізгі сессиясында қалыптасқан және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп белгілейтін тәртіппен айқындалған теңгенің шетел валютасына орташа өлшемді биржалық бағамы, сондай-ақ теңгенің Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында сауда-саттық жүргізілмейтін шетел валютасына бағамы Ұлттық Банкі бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп белгілейтін тәртіппен кросс-бағамдар пайдаланыла отырып есептелген бағамы;

2) валюталық шартты қайта тіркеу - валюталық шартты Ережеде көзделген жағдайларда кез келген келесі тіркеу;

3) инвестициялау объектісі - бағалы қағаздары (қатысушылардың дауыстары) сатып алынатын (сатып алынған) заңды тұлға, сондай-ақ инвестициялық пай қоры. Депозитарлық қолхаттармен операциялар жүргізген жағдайда олардың базалық активі болып табылатын бағалы қағаздар эмитенті инвестициялау объектісі болып табылады;

4) өз операциялары - валюталық шарттың тарабы болып табылатын резиденттердің өз атынан және өз қаражаты есебінен жасайтын валюталық операциялары;

5) резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздары - базалық активі резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының және (немесе) эмитент елінің заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар ретінде танылған қаржы құралдары;

6) резидент эмитенттердің бағалы қағаздары - базалық активі резидент эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар ретінде танылған қаржы құралдары;

7) тікелей инвестициялау объектісі - дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызы немесе қатысушылардың жалпы дауыс санының он және одан көп пайызы тікелей инвесторға тиесілі заңды тұлға;

8) тікелей инвестор - инвестициялау объектісіне тікелей инвестициялауды жүзеге асыратын (жүзеге асырған) заңды немесе жеке тұлға.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

3. Ереженің мақсаты үшін экспорт немесе импорт күні Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4417 тіркелген Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 17 тамыздағы N 86 қаулысына (бұдан әрі - Экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесі) сәйкес айқындалатын күн болып табылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

4. Егер Ережеде өзгеше жазылмаса, заңды тұлғаларға қатысты белгіленген нормалар сондай-ақ олардың филиалдарына және өкілдіктеріне де қатысты қолданылады.

5. Ережеге сәйкес талап етілетін ақпаратты (хабарлама, есептер, жазбаша хабар) уәкілетті банктер ұсынылған деректердің құпиялылығын және түзетілмеуін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныш құралдары бар жеткізуге кепілдік беретін тасымалдау жүйесін пайдалана отырып электрондық түрде ұсына алады.

6. Уәкілетті банк өзіне күнтізбелік ай ішінде мәлім болған, оның клиенттері жол берген, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзу фактілері туралы (Экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесінде көзделген жағдайларды қоспағанда) Ұлттық Банкке Ереженің 1-1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша, келесі күнтізбелік айдың соңғы күнінен **к е ш і к т і р м е й** **х а б а р л а й д ы .**

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

## **2-тарау. Валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және аударымдарын жүргізу тәртібі**

7. Валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын уәкілетті банктер арқылы жүргізген кезде резидент (резидент емес) уәкілетті банкке мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін);
- 2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын растайтын құжат (жеке тұлғалар - шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар үшін), егер болса;
- 3) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу (есепке алу) туралы куәлік (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын резидент және резидент емес заңды тұлғалар үшін), егер осы құжат бұрын ұсынылмаған не өзгерген жағдайда;

- 4) **алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкінің 2007 жылғы 25 маусымдағы N 60**

қ а у л ы с ы м е н .

5) салық төлеушінің мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжат, не салық органының осы тұлғаның Қазақстан Республикасының салық органында тіркеу есебінде тұрмағаны туралы құжаты, егер осы құжат бұрын ұсынылмаған не өзгерген жағдайда ;

б) Ереженің 7-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда валюталық шарт ;

7) Ережеде көзделген жағдайларда тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік;

8) мәміле паспорты (мәміле паспортын ресімдеуді талап ететін тауарлар (жұмыс, қызмет көрсету) экспортына немесе импортына байланысты мәмілелер бойынша) ;

9) міндеттемелердің орындалғанын растайтын не соның негізінде орындалуы қажет құжаттар (экспортпен немесе импортпен байланысты мәмілелер бойынша)

Мәміленің жағдайларын нақтылау және операцияны және оның қатысушыларын жіктеу мақсатында резидент және резидент емес заңды тұлғалар сондай-ақ уәкілетті банктердің талап етуі бойынша құрылтай құжаттарын ұсынады .

Резидент (резидент емес) осы тармаққа сәйкес талап етілетін құжаттарды және мәліметтерді ұсынбаған жағдайда уәкілетті банк осы Ереженің 7-тармағының екінші абзацында, 8 және 10 тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүргізбейді .

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз)**  
қ а у л ы с ы м е н .

7-1. Тіркеу, хабарлау немесе мәміле паспортын ресімдеу талаптары айқындалған валюталық операциялар бойынша ақша төлемдері және (немесе) аударымдары үшін валюталық шартты ұсыну міндетті.

Резиденттердің және резидент емес банктің банк шоттары бойынша он мың АҚШ долларынан аспайтын сомда ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізу кезінде :

1) ақша төлемін және (немесе) аударымын резидент емес жүзеге асырған;

2) ақша төлемін және (немесе) аударымын резидент жүзеге асырған және ақша жіберуші (алушы) резиденттер аударуға берілген тапсырмада (өтініште) осы ақша төлемінің және (немесе) аударымының тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлік алу немесе паспортты ресімдеу талап етілетін валюталық операцияларды жүзеге асыруға байланысты емес екенін көрсеткен жағдайларда валюталық шартты ұсыну талап етілмейді.

Ақша аудару (ақша алу) үшін берілген тапсырмада (өтініште) көрсетілген шынайы емес деректер ұсынғаны үшін жауапкершілік ақша жіберушіге (алушыға) жүктеледі.

Егер төлем және (немесе) аударым валютасы АҚШ долларынан өзгеше болса, төлем және (немесе) аударым сомасының баламасы операция жүргізу күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып есептеледі.

**Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

8. Резидент лицензия және (немесе) тіркеу куәлігі және (немесе) хабарлама туралы куәлік талап етілетін валюталық операциялар бойынша ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүргізген кезде резидент уәкілетті банкке осындай құжаттардың түпнұсқасын және көшірмесін береді. Оларды салыстырғаннан кейін көшірмелері уәкілетті банкте қалады, ал түпнұсқалары резидентке қайтарылады. Осы Ереженің 69-тармағында көзделген жағдайларда тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) түпнұсқасының орнына нотариат куәландырған немесе Ұлттық Банк растаған тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) көшірмесін ұсынуға рұқсат етіледі.

Резидентте хабарлама туралы куәлік болмаған жағдайда уәкілетті банк оны алу қажеттігі туралы резидентке кез келген түрде хабарлай отырып, операцияны жүргізеді. Бұл ретте уәкілетті банк ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына резиденттерде хабарлама туралы куәліктер болмаған кезде олардың тапсырмалары бойынша жүргізілген операциялар туралы Ереженің 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп береді.

Тіркеу куәлігі талап етілетін валюталық операция жүргізу нәтижесінде алынған ақша резиденттің пайдасына түскен кезде уәкілетті банк резидентке тіркеу куәлігін ұсыну қажеттігі туралы хабарлайды және түскен ақшаны резиденттің банктік шотына ол тіркеу куәлігін ұсынғаннан кейін ғана есептейді.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

9. Уәкілетті банк шығарған төлем карточкаларын пайдалана отырып резиденттердің (резидент еместердің) валюталық операциялары бойынша жасалатын ақша төлемдері және (немесе) аударымдары осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген құжаттарды уәкілетті банкке алдын ала ұсынбай жүзеге асырылады. Егер Ережеде өзгеше көзделмесе, көрсетілген құжаттар уәкілетті банктің немесе Ұлттық Банктің сұратуы бойынша ұсынылады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының**

2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

10. Резидент заңды тұлға корпоративтік төлем карточкаларын пайдалана отырып валюталық операциялар бойынша сомасы он мың АҚШ доллары баламасынан асатын ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізген жағдайда , резидент заңды тұлға уәкілетті банкке валюталық шартты ұсынады. Резидент заңды тұлға көрсетілген құжатты жоғарыда көрсетілген операциялар жүргізілген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде ұсынады.

Егер төлем және (немесе) аударым валютасы АҚШ долларынан өзгеше болса, төлем және (немесе) аударым сомасының баламасы операция жүргізу күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып есептеледі.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

11. Жеке тұлғада Ереженің 7-тармағының 6) тармақшасына, сондай-ақ резидент емес жеке тұлғалар үшін Ереженің 7-тармағының 5) тармақшасына сәйкес талап етілетін валюталық операциялар бойынша құжаттарды ұсыну мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті банк ақша төлемін және (немесе) аударымын (ақша беруді немесе есепке алуды) жеке тұлға осындай аударымның мақсатын көрсеткен кезде және ақша аударуға (ақша алуға) тапсырмада ( ө т і н і ш т е ) :

1) уәкілетті банкке осы ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы ақпаратты құқық қорғау органдарына және Ұлттық Банкке олардың талап етуі бойынша беруге рұқсат ететін;

2) осы ақша төлемі және (немесе) аударымы жеке тұлғаның тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлік алуды, мәміле паспортын ресімдеуді талап ететін валюталық операцияларды жүзеге асыруына байланысты еместігін растайтын ( резидент жеке тұлғалардың аударымдары үшін);

3) осы ақша төлемі және (немесе) аударымы жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметіне байланысты еместігін растайтын (жеке тұлғалардың уәкілетті банкте шоттар ашпайтын аударымдары үшін) жазбалар болған жағдайда ғана жүзеге а с ы р а д ы .

Ақша аударымына (ақша алуға) тапсырмада (өтініште) көрсетілген шынайы емес деректерді ұсынғаны үшін жауапкершілік ақша жіберушіге (алушыға) ж ү к т е л е д і .

Осы тармақтың ережелері уәкілетті банктің төлем карточкасын пайдалана отырып жеке тұлғалардың банк шоттары бойынша жүзеге асырылатын ақша төлемдеріне және (немесе) аударымдарына қолданылмайды.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының**



2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

12. Уәкілетті банк ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына Ереженің 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша, жеке тұлғалар күнтізбелік ай ішінде жүзеге асырған мынадай операциялар туралы:

1) егер ақша төлемінің және (немесе) аударымының сомасы он мың АҚШ долларынан асқан болса, уәкілетті банкте шот ашпай жүргізілген ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы;

2) егер ақша төлемінің және (немесе) аударымының сомасы елу мың АҚШ долларынан асқан болса, банк шоттары бойынша Ереженің 11-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізілген ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы;

3) егер ақша төлемінің және (немесе) аударымының не ақша алудың сомасы он мың АҚШ долларынан асқан болса, уәкілетті банктің төлем карточкасын пайдалана отырып жүргізілген валюталық операция бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы не ағымдағы шоттан қолма-қол ақша алу туралы ақпарат бар е с е п ұ с ы н а д ы .

Егер ақша төлемінің және (немесе) аударымының не ақша алудың валютасы АҚШ долларынан өзгеше болса, төлем және (немесе) аударым сомасының баламасы операция жүргізу күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып есептеледі.

Ереженің 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепке жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырған ақша төлемдері және аударымдары бойынша, сондай-ақ жеке тұлғалардың шетел банктеріндегі өз шоттарына (өз шоттарынан) аударымдар бойынша ақпарат кірмейді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

13. Уәкілетті банктер арқылы резиденттердің және резидент еместердің міндеттемелерін орындау есебіне резидент үшінші тұлға валюта операциялары бойынша жүргізетін ақша төлемдері және (немесе) аударымдары резидент үшінші тұлға мен оның атынан ақша төлемдері және (немесе) аударымдары жүзеге асырылатын тұлғаның арасындағы өзара міндеттемелердің сипатын анықтайтын шартты ұсынған жағдайда, егер бұл осының негізінде осындай ақша төлемдері мен аударымдарының орындалуы жүзеге асырылатын валюталық шартта көрсетілмесе, жол беріледі.

Резидент жеке тұлға төлемді және (немесе) аударымды басқа жеке тұлғаның міндеттемелерін" орындау есебіне жасаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген шарттың орнына ақша жіберуші міндеттемелерін орындау есебіне төлем жүзеге

асырылатын тұлғаның жұбайы немесе жақын туысы болып табылатынын растайтын құжат ұсынылуы мүмкін.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

14. Шетелдік банктердегі резидент еместердің шоттарынан резиденттердің міндеттемелерін орындау есебіне жүзеге асырылатын резиденттің валюталық операциялары бойынша ақша төлемдері және (немесе) аударымдарына мынадай жағдайларда :

- 1) резидент резидент еместен алған қаржылық заемды үшінші тұлғалардың шотына есептеуге ;
- 2) бағалы қағаздар нарығында резидентке ол тіркелген мемлекеттің заңнамасы бойынша бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқығы бар резидент еместің қаржылық қызмет көрсетуіне;
- 3) резидент еместің тапсырма шарты бойынша резидентке қызмет көрсетуіне жол беріледі.

### **3-тарау. Шетел валютасын сатып алу және сату тәртібі**

15. Резиденттер және резидент еместер ішкі валюта нарығында мақсат бойынша шектеусіз және валюталық шартты және (немесе) орындалуы үшін шетел валютасын сатып алу және сату операциялары жасалатын басқа да құжаттарды ұсынбай шетел валютасын сатып ала алады және сата алады.

16. Шетел валютасын уәкілетті банк арқылы сатып алуға арналған өтінімдерді ресімдеген кезде уәкілетті банктерді және уәкілетті ұйымдарды қоспағанда резидент заңды тұлғалар шетел валютасын сатып алу мақсатын көрсетеді.

17. Шетел валютасын уәкілетті банк арқылы ұлттық валютамен сатып алуға немесе сатуға арналған өтінімдерді ресімдеген кезде резидент емес заңды тұлғалар шетел валютасын сатып алу немесе сату мақсатын көрсетеді.

18. Заңды тұлғалар сатып алған шетел валютасын өтінімде көрсетілгеннен өзгеше мақсатта пайдаланылуына болады.

### **4-тарау. Қолма-қол валютаны алу (есептеу) және пайдалану тәртібі**

19. Жеке тұлғалар уәкілетті банктердегі өздерінің банктік шоттарынан қолма-қол шетел валютасын алу мақсаты бойынша шектеусіз алады.

20. Заңды тұлғалардың уәкілетті банктердегі банк шоттарынан қолма-қол шетел валютасы жеке тұлғаларға Заңның 16-бабы 1-тармағының 5) және 6)

тармақшаларында көрсетілген жағдайларда төлемдерді, сондай-ақ Заңның 16-бабы 1-тармағының 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда жеке тұлғалармен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсатында алынуы мүмкін.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

21. Заңды тұлғалар Заңның 16-бабы 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген жеке тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру мақсатында өзінің банк шоттарынан қолма-қол шетел валютасын алған кезде уәкілетті банкке жалақы төлеу не іссапар шығыстарын төлеу жүргізілуін негіздейтін және осы қолма-қол шетел валютасы сомасының тек осы мақсаттар үшін ғана алынатынын растайтын құжаттар ұсынады. Осындай құжаттар ретінде бұйрық, өкім, шешім, іссапар шығыстарының сметасы ұсынылуы мүмкін.

Қолма-қол шетел валютасы корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып алынған жағдайда, көрсетілген құжаттар уәкілетті банкке осындай алынған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде ұсынылады.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

22. Заңды тұлғалар қызметкерлерді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберуге байланысты шығыстарды төлеуге бұрын алынған қолма-қол шетел валютасының пайдаланылмаған бөлігі қызметкерлерді іссапарға жіберу мерзімі аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде заңды тұлға уәкілетті банктегі өзінің банктік шотына міндетті есептеуге жатады.

23. Осы Ереженің 20-22-тармақтарында жазылған нормалар Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер, консулдық мекемелеріне қолданылмайды.

## **2-бөлім. Валюталық реттеу режимдері туралы жалпы ережелер**

24. Резидент, тиісінше Заңның 8-бабының 3-тармағында, 9-бабының 2-тармағында айқындалатын мерзімде Ұлттық Банкке тіркеу куәлігін алуға өтініш береді, валюталық операция туралы хабарлайды.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

25. Тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік жеке және заңды тұлғаларға  
б е р і л е д і .

Банк болып табылмайтын резидент заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) тіркеуге және (немесе) осы филиал (өкілдік) жүзеге асыратын валюта операциясы туралы хабарлай отырып өтініш берген кезде тіркеу куәлігі және (немесе) хабарлама туралы куәлік резидент заңды тұлғаға тиісті филиалды (өкілдікті) көрсете отырып беріледі. Одан әрі осы операциялар бойынша филиал (өкілдік) е с е п т і ұ с ы н а д ы .

Банк филиалдарының (өкілдіктерінің) валюталық операциялары туралы хабарламамен банк өтініш береді.

26. Резиденттер тіркеу және (немесе) хабарлау орны бойынша валюталық шарттың қолданылу кезінде туындайтын оның барлық өзгерістері мен толықтырулары туралы осындай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлайды.

27. Валюталық шартты қайта тіркеу және (немесе) хабарлама туралы жаңа куәлік алу бұрын берілген тіркеу куәлігінде және (немесе) хабарлама туралы куәлікте көрсетілген мынадай көрсеткіштер өзгерген кезде талап етіледі:

- 1) валюталық шарттың жалпы сомасының ұлғаюы;
- 2) валюталық шарттың валютасы;
- 3) валюталық шарттың қатысушылары, сондай-ақ олардың сәйкестендіру деректері (аты-жөні немесе фирмалық атауы) өзгерген;
- 4) валюталық шарттың мәні;
- 5) валюталық шарттың қолданылу мерзімі - қысқа мерзімдіден (бір жыл және одан аз) ұзақ мерзімдіге (бір жылдан артық) өткен кезде;
- 6) резиденттің тұрғылықты жері (тұратын орны) - басқа облысқа көшкен к е з д е ;
- 7) резидент еместің тұрғылықты жері (тұратын орны) - басқа елге көшкен кезде (жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің немесе заңды тұлғаның тіркелу елінің ө з г е р у і ) .

**Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

28. Тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік мына жағдайларда күші жойылды д е п с а н а л а д ы :

- 1) валюта операциясы заңнамада белгіленген тәртіппен күші жоқ деп танылса ;
- 2) валюталық шарт қайта тіркелген және (немесе) хабарлама туралы жаңа к у ә л і к б е р і л г е н к е з д е ;
- 3) тікелей инвестицияға тіркеу куәлігін (хабарлау туралы куәлікті) алған резидент тікелей инвестор және (немесе) тікелей инвестициялау объектісі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Ұлттық Банк тараптар міндеттемелерін

толық тоқтатқаны туралы резиденттің жазбаша хабарламасын алғаннан кейін, сондай-ақ олардың сәйкестендіру деректері (аты-жөні немесе фирмалық атауы) ө з г е р г е н ;

4) Ұлттық Банк резиденттің активтерге иелік ету аяқталғаны туралы жазбаша х а б а р л а м а с ы н а л ғ а н н а н к е й і н ;

5) Ұлттық Банк резиденттің шетел банкіндегі шоттың жабылғандығы туралы жазбаша х а б а р л а м а с ы н а л ғ а н н а н к е й і н ;

6) Ұлттық Банк валюталық шарт тараптарының резиденттілігі өзгергені туралы резиденттің жазбаша хабарламасын алғаннан кейін, оның нәтижесінде операция валюталық реттеу режиміне тап болмай қалған жағдайда.

29. Валюталық реттеу режимі мыналарға қолданылмайды:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы заемдары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар туралы келісімдер, сондай-ақ осындай келісімдер шеңберінде жүзеге а с ы р ы л а т ы н о п е р а ц и я л а р ;

2) мәміле паспорттарын ресімдеу талап етілетін экспортпен (импортпен) байланысты к о м м е р ц и я л ы қ к р е д и т т е р ;

3) резидент еместердің қайталама нарықта басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес және солардың аумағында шығарылған резидент эмитенттердің бағалы қағаздарын (резидент эмитенттердің бағалы қағаздарына шығарылған депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда) сатып алуы;

4) резиденттердің қайталама нарықта Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздарын (Қазақстандық депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда) сатып алуы;

5) резидент еместердің Қазақстан Республикасында шығарылған мемлекеттік б а ғ а л ы қ а ғ а з д а р д ы с а т ы п а л у ы ;

6) банктердің туынды қаржы құралдарымен жүргізілген өз операциялары;

7) Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде жүзеге асырылатын в а л ю т а о п е р а ц и я л а р ы ;

8) банктер резидент еместерге 180 күннен асатын мерзімге берген к о м м е р ц и я л ы қ к р е д и т т е р ж әне қ а р ж ы л ы қ з а е м д а р .

**Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

30. Егер валюталық шартқа қол қою күні (ол болмаған жағдайда - күшіне енген күні) осындай шарт бойынша жүзеге асырылатын операцияларға валюталық реттеу режимдерінің қолданылуын айқындау үшін қажетті сома және (немесе) өзге де жағдайлар болмағанда валюталық реттеу режимдерінің операцияларға қолданылуы резиденттердің және резидент еместердің валюталық

шарт бойынша міндеттемелерінің нақты орындалуын негізге ала отырып а й қ ы н д а л а д ы .

Коммерциялық кредиттер мен қаржылық заемдар жағдайында, егер 180 күннен астам мерзімге жасалған валюталық шарт шеңберінде тауарлар (жұмыс, қызмет көрсету) экспортын немесе импортын (бұдан әрі - жеткізу) және (немесе) төлемдерді бөліп-бөліп жүзеге асыру әрқайсысы бойынша міндеттемелер 180 күннен аспайтын мерзімде орындалатыны көзделсе, валюталық операция лицензиялауға, тіркеуге, хабарлауға жатпайды.

Тараптардың коммерциялық кредиттер бойынша нақты орындалған міндеттемелері бойынша әрбір келесі төлем (жеткізу) неғұрлым ертерек күнмен жүзеге асырылған жеткізу (төлем) бойынша берешекті өтеу есебіне есептеледі. Төлемнің (жеткізудің) қалған бөлігі келесі төлем (жеткізу) бойынша берешекті өтеу есебіне есептеледі.

Жеткізу (төлем) бойынша берешекті толық өтеу кезінде коммерциялық кредиттер және қаржылық заемдар бойынша тіркеу және хабарлау мақсаты үшін 180 күнді есептеудің басталуы ол бойынша өтелмеген берешегі бар келесі жеткізу (төлем) күніне ауысады. Берешек сомасын есептеу барлық жеткізулер (төлемдер) бойынша ол бойынша берешегі бар валюталық шарт шеңберінде 180 күннен кем мерзімге берешекті қоса алғанда, барлық жеткізулер (төлемдер) б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

**Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

31. Өзге валютада көрсетілген және шарт бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін АҚШ долларына қатысы бойынша айырбастау бағамына нұсқауы жоқ шарттар бойынша АҚШ долларындағы валюталық шарт сомасының баламасын айқындау үшін соманы қайта санау валюталық шартқа қол қойылған күнгі (ол болмаған жағдайда - күшіне енгізілген күнгі) валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Ереженің 30-тармағында көрсетілген жағдайларда шарт бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін өзге валютада көрсетілген және АҚШ долларына қатынасы бойынша айырбастау бағамына нұсқаулары жоқ валюталық шарттар бойынша нақты орындалған міндеттемелер сомасының АҚШ долларындағы баламасын айқындау үшін соманы қайта санау операцияларды жүргізу күнгі Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп мақсатында қолданылатын бағам б о й ы н ш а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

**Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

32. Ұлттық Банк келісілген тәртіппен банкке, салық қызметі органдарына берілген және күші жойылған тіркеу куәліктері, хабарлама куәліктері туралы ақпарат ұсынады.

33. Уәкілетті банктер ай сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ына дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына Ереженің 3-қосымшасында белгіленген нысан бойынша тіркеу куәлігі, заңды тұлғаларға (банктерді қоспағанда), сондай-ақ жеке тұлғаларға хабарлама туралы куәлік берілген валюталық шарт бойынша қаражаттың қозғалысы туралы есеп ұсынады.

34. Резидентке тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің түпнұсқасы жоғалған кезде ол өтінішпен хабарласқан жағдайда жоғалған құжаттың д у б л и к а т т ы б е р і л е д і .

Резидент дубликатты алу үшін тіркеу немесе хабарлау орны бойынша жоғалту себебі мен жағдайын көрсете отырып, өтініш береді. Ұлттық Банк өтініш түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде дубликатты ресімдейді және береді. Дубликат бастапқы тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің бастапқы нөмірімен және күнімен "Дубликат" деген сөзді және дубликат берілген күнді көрсете отырып беріледі.

35. Тіркеуді, хабарлама туралы растауды Ұлттық Банк тарапынан тиісті валюталық операциялар (валюталық шарттар) бойынша қатысушылардың міндеттемелеріне қатысты қандай да болмасын міндеттеме алмай Ұлттық Банк жү р г і з е д і .

Тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің болуы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен босату үшін негіз болып табылмайды.

36. Валюталық реттеу режимдерінің шеңберінде ұсынылатын және (немесе) тиісті есептерде көрсетілетін мәліметтердің шынайылығына бақылау жасау мақсатында осы Ережеде белгіленген жағдайларда және (немесе) Ұлттық Банктің сұратуы бойынша резидент Ұлттық Банкке валюталық шарт бойынша міндеттемелердің туындауын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын м ы н а д а й қ ұ ж а т т а р д ы ұ с ы н а д ы :

1) төлем жүргізу не тауар жеткізудің (жұмыс, қызмет көрсету), сондай-ақ активтерді берудің негізділігін растайтын құжаттардың көшірмелері (төлем құжаттарының, жүк кеден декларацияларының, шот фактуралардың және б а с қ а л а р ы н ы ң к ө ш і р м е л е р і ) ;

2) уәкілетті банктің ақша төлемдері мен аударымдары жүргізілгені туралы а н ы қ т а м а с ы ;

3) мәміле бойынша тауарлар қозғалысы (экспорт, импорт) туралы кеден о р г а н ы н ы ң а н ы қ т а м а с ы ;

4) мәміле паспортының көшірмесі;

5) шетел банкінің жүргізілген төлемдер туралы және шетел банкіндегі шоттың жағдайы туралы үзіндісі;

6) Заңның 12-бабының 2-тармағының 1)-3) тармақшаларына сәйкес растайтын құжаттардың көшірмелері.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

### **3-бөлім. Валюта операцияларын тіркеу режимі**

#### **5-тарау. Жалпы талаптар**

37. Ұлттық Банк осы Ереженің 29, 40-тармақтарында көрсетілген операцияларды қоспағанда, мынадай жағдайларда:

1) мүліктің (қаражаттың) Қазақстан Республикасына түсуін және (немесе) резидентте мүлікті (қаражатты) резидент емеске қайтару міндеттемелерінің туындауын көздейтін валюта операциясының сомасы баламасы бес жүз мың АҚШ долларынан асып кеткенде;

2) Қазақстан Республикасынан қаражат аударуды (мүлікті беруді) және (немесе) резидентте мүлікті (қаражатты) резидент еместің қайтаруы талаптарының туындауын көздейтін валюта операциясының сомасы баламасы бір жүз мың АҚШ долларынан асып кеткенде Заңның 20, 21, 23, 24-баптарында айқындалған валюта операцияларын тіркеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 37-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

38. Валюталық шартты тіркеу үшін валюталық шарттың резидент қатысушысы-жеке тұлға өзінің тұрғылықты жері бойынша және заңды тұлғаның мекен-жайы бойынша орналасқан Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш ж а с а й д ы .

Ереженің 4-қосымшасында белгіленген нысан бойынша тіркеу куәлігі не оны беруден бас тарту туралы дәлелді жауап өтініш берушілер барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

39. Резиденттер тіркеу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:  
1 ) ө т і н і ш ;

2) валюталық шарттың тігілген және қол қойылған (жеке және заңды тұлғалар үшін) және мөрмен бекітілген (заңды тұлғалар үшін) көшірмесі. Егер валюталық шарт шетел тілінде жасалса, онда оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылады;

3) жеке тұлғасын растайтын құжаттың көшірмесі (валюталық операцияны



жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);

4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

5) алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкінің 2007 жылғы 25 маусымдағы N 60 қаулысымен.

6) салық салушының мемлекеттік тіркеуін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) валюталық шарт бойынша міндеттемелердің туындауын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын құжаттардың көшірмесі.

Валюталық шартты қайта тіркеу кезінде егер олар Ұлттық Банкке соңғы ұсынған сәттен бастап өзгермесе, аталған құжаттар қайтадан ұсынылмайды.

40. Ереженің 4-бөліміне сәйкес хабарлауға жататын мына валюта операциялары тіркеуге жатпайды:

1) банктердің өз операциялары;

2) резидент брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету туралы шарттың негізінде немесе резидент басқарушы компаниямен жасалған инвестициялық портфельді басқару туралы шарттың негізінде жүзеге асырылатын резидент емес (резидент) эмитенттердің бағалы қағаздарымен резиденттердің (резидент еместердің) операциялары;

Осы тармақтың 1) тармақшасындағы ереже тараптардың бірі резидент банк болып табылатын валюталық шартқа қолданылмайды. Бұл жағдайларда банк болып табылмайтын резидент тіркелуге өтініш жасайды.

Ескерту. 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

## **6-тарау. Қаржылық заемдар және коммерциялық кредиттер**

41. Қаржылық заемдар мен коммерциялық кредиттерді тіркеуге арналған өтініш көрсетілген қосымшаның жалпы бөлімін және 1-бөлімін толтыра отырып, осы Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

42. Резидент алынған тіркеу куәлігі бойынша тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда), осы Ереженің 6-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюталық шартты тіркеген жерге ұсынады.

42-1. Қаржы заемы шарты бойынша қаражатты игеру және берешекті өтеу болжамын нақтылау мақсатында Ұлттық Банк Ереженің 5-қосымшасының 1-бөлімінің 10-тармағында келтірілген нысан бойынша ақпарат сұратады.

Ескерту. 42-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

43. Заңның 20-бабының 3-тармағының екінші бөлігінде және 23-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда Резидент еместердің барлық жеткізулері (төлемдері) бойынша резиденттің берешек сомасы валюталық шарт шеңберінде баламасы бес жүз мың АҚШ долларынан асып кетсе не резиденттің барлық жеткізулері (төлемдері) бойынша резидент еместің берешек сомасы валюталық шарт шеңберінде баламасы бір жүз мың АҚШ долларынан асып кетсе тіркеуден ө т к і з і л е д і .

Ескерту. 43-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

## **7-тарау. Тікелей инвестициялар**

44. Тікелей инвестицияларды тіркеуге арналған өтініш көрсетілген қосымшаның жалпы бөлімін және 2-бөлімін толтыра отырып, осы Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

45. Тікелей инвестор болып табылатын резидент (банктерді қоспағанда) активтерге иелік етуі аяқталғанға дейін алған тіркеу куәлігі бойынша тоқсан сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда), Ереженің 7-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюталық шартты тіркеген ж е р г е ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 45-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

46. Тікелей инвестициялау объектісі болып табылатын резидент (банктерді қоспағанда) резидент емес инвестордың активтерге иелік етуі аяқталғанға дейін алған тіркеу куәлігі бойынша тоқсан сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда), Ереженің 7-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюталық шартты тіркеген жерге ұсынады.

Ескерту. 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

47. Өзге жағдайларда резиденттер алған тіркеу куәлігі бойынша міндеттемелерді тоқсан сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) Ереженің 8-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюталық шартты тіркеген жерге ұсынады.

## **8-тарау. Капитал қозғалысының басқа операциялары**

48. Зияткерлік меншік объектілеріне айырықша құқықты толық сатып алуға, ақша және бірлескен қызмет қатысушысының міндеттемелерін орындау үшін басқа мүлік беруді тіркеуге өтініш Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша аталған Қосымшаның жалпы бөлімін және 4-бөлімін толтыра отырып ұ с ы н ы л а д ы .

**Ескерту. 48-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

49. Резидент алынған тіркеу куәліктері бойынша тоқсан сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) Ереженің 8-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюталық шартты тіркеген жерге ұсынады.

## **4-бөлім. Валюта операциялары туралы хабарлама**

### **9-тарау. Жалпы талаптар**

50. Ереженің 29-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, р е з и д е н т т е р :

1) мүліктің (қаражаттың) Қазақстан Республикасына түсуін және (немесе) резидентте мүлікті (қаражатты) резидент емеске қайтару міндеттемелерінің туындауын көздейтін валюта операциясының сомасы бес жүз мың АҚШ доллары б а л а м а с ы н а н а с қ а н ;

2) Қазақстан Республикасынан қаражаттың аударылуын (мүліктің берілуін) және (немесе) резидентте мүлікті (қаражатты) резидент еместің қайтару міндеттемелерінің туындауын көздейтін валюта операциясының сомасы бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан асқан;

3) резиденттің резидент емеске және (немесе) резидент еместің резидентке туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша, сондай-ақ жұмыс, қызмет көрсету экспортына (импортына) байланысты есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде төлем және (немесе) аударым сомасы бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан асқан жағдайларда, Заңның 20-24-баптарында белгіленген валюта операциялары туралы хабарлайды.

**Ескерту. 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

51. Резидент заңды тұлғалар шетелдік банкте шот ашқаны туралы хабарлайды .

**Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының**

2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

52. Ереженің 58, 63 және 64-1-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, резиденттер өздерінің валюталық операциялары туралы Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша Ұлттық Банкке хабарлайды.

Банктер Ереженің 5-тармағына сәйкес Ұлттық Банктің орталық аппаратына электрондық түрде хабарлайды. Тиісті хабарлама және Ұлттық Банктің электрондық хабарламаны қабылдағаны туралы электрондық растаманың көшірмесі қағазға басылып банкте сақталады. Ұлттық Банк электрондық түрде берілген хабарламаның шынайылығын тексеру мақсатында, қағазға басылған хабарламаны талап етуіне болады.

Өзге резиденттер Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жеке тұлғаның тұрғылықты тұратын жері бойынша не заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша хабарлайды.

Хабарламада барлық қажетті ақпарат болған кезде Ұлттық Банк Ереженің 4-қосымшасында белгіленген нысан бойынша хабарлама туралы куәлікті ресімдейді.

Хабарламада барлық қажетті ақпарат болмаған кезде, сондай-ақ мәмілелердің жағдайларын және операция жіктеулерін және оның қатысушыларын нақтылау үшін Ұлттық Банк валюталық шарттың көшірмесін сұрата алады.

Ескерту. 52-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

## **10-тарау. Қаржы заемдары және коммерциялық кредиттер**

Ескерту. 10-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

53. Банктер Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша, көрсетілген Қосымшаның жалпы бөлігін және 1-бөлімін толтыра отырып, өздерінің мынадай операциялары туралы Ұлттық Банкке хабарлайды:

1) резидент еместерден қаржы заемдары туралы,  
2) резидент еместерден тауарлар экспортына (импортына) байланысты коммерциялық кредиттер туралы.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

54. Банктер алынған хабарлама туралы куәліктер бойынша тоқсан сайын хабарлама берілген орын бойынша мемлекеттік статистикалық есептілік шеңберінде тартылған сыртқы заемдар туралы мәліметтер ұсынады.

55. Заңның 20-бабының 3-тармағының екінші бөлігінде және 23-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, егер резидент еместің валюталық шарттың шеңберіндегі барлық жеткізулері (төлемдері) бойынша банк берешегінің сомасы бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асып кетсе, хабарлама беріледі.

**Ескерту. 55-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен .**

55-1. Банктер жұмыстар, қызмет көрсету экспортына (импортына) байланысты өз операцияларын жүзеге асырған кезде сыртқы қаржы активтері мен міндеттемелері туралы мемлекеттік статистикалық есептілік шеңберінде тоқсан сайын Ұлттық Банктің орталық аппаратына хабарлайды.

**Ескерту. 55-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен .**

55-2. Жұмыс, қызмет көрсету экспорты (импорты) бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде резиденттер мен резидент еместер арасында төлемдер жүргізген кезде резиденттің хабарлауы талап етілмейді. Уәкілетті банк көрсетілген төлемдер бойынша ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда), Ұлттық Банкке Ереженің 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп ұсынады .

Ұлттық Банк валюталық операцияларды жүргізу оқиғаларын нақтылау мақсатында резиденттен валюталық шарттың көшірмесін сұратады.

**Ескерту. 55-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

## **11-тарау. Тікелей инвестициялар, жарғылық капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар**

56. Мынадай операциялар хабарлануы тиіс:

1) резидент брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету туралы шарт негізінде немесе резидент басқарушы компаниямен жасалған инвестициялық портфельді басқару туралы шарт негізінде жүзеге асырылатын тікелей инвестициялар ;

2) банктердің шетелге тікелей инвестицияларға және резидент еместердің

банктерге тікелей инвестицияларына байланысты өз операциялары;

3) резиденттердің (резидент еместердің) резидент еместердің (резиденттердің) жарғылық капиталына қатысуын қамтамасыз ету мақсатында салымдар енгізуі;

4) резиденттердің резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздарын, резидент еместердің инвестициялық қорларының басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және солардың аумағында шығарылған пайларын сатып алуы;

5) резидент еместердің резидент эмитенттердің бағалы қағаздарын, резиденттердің инвестициялық қорларының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған пайларын сатып алуы;

6) резидент емес эмитенттердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарын орналастыру, сондай-ақ Қазақстандық депозитарлық қолхаттары шығару;

7) резидент эмитенттердің басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және солардың аумағында шығарылған бағалы қағаздарын орналастыру, сондай-ақ резидент эмитенттердің бағалы қағаздарына депозитарлық қолхаттар шығару;

8) резиденттер мен резидент еместердің арасындағы туынды қаржы құралдары мен операциялар.

**Ескерту. 56-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

57. Мына резиденттер өздерінің операциялары туралы:

1) банктер - Ереженің 56-тармағының 2), 3), 5) (үлестік бағалы қағаздар сатып алған кезде), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген операциялар туралы;

2) брокерлер (банктерді қоспағанда), басқарушы компаниялар - тікелей инвестицияларды қоспағанда Ереженің 56-тармағының 3), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген операциялар туралы;

3) өзге резиденттер - тікелей инвестицияларды қоспағанда Ереженің 56-тармағының 3)-8) тармақшаларында көрсетілген операциялар туралы Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша, көрсетілген Қосымшаның жалпы бөлігін және 2-бөлімін толтыра отырып хабарлайды.

Осы тармақтың ережелері резидент брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету туралы шарт немесе резидент басқарушы компаниямен жасалған инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарт негізінде жүзеге асырылатын операцияларға қолданылмайды. Көрсетілген операциялар туралы брокер немесе басқарушы компания хабарлайды.

**Ескерту. 57-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

58. Мына резиденттер есептік кезеңнен кейінгі айдың 15-не дейін (қоса алғанда) ай сайын Ұлттық Банктің орталық аппаратына хабарламаны Ереженің 9-қосымшасында белгіленген нысан бойынша:

- 1) банктер Ереженің 56-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген өз операциялары туралы (үлестік бағалы қағаздармен операцияларды қоспағанда);
- 2) брокерлер (банктерді қоспағанда), басқарушы компаниялар - Ереженің 56-тармағының 4), 5), 8) тармақшаларында көрсетілген операциялар туралы;
- 3) брокерлер, басқарушы компаниялар - Ереженің 56-тармағында көзделген және клиенттердің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылатын операциялар туралы есепті ұсыну арқылы береді.

Ереженің 9-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепке бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша операциялар кіреді.

Банктер Ереженің 56-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген өз операциялары туралы, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорлары Ереженің 56-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген операциялар туралы Ұлттық Банктің орталық аппаратына резидент еместермен бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы мемлекеттік статистикалық есептілік шеңберінде тоқсан сайын хабарлайды.

**Ескерту. 58-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

59. Резиденттер (банктер мен брокерлерді қоспағанда) алынған хабарлама туралы куәлік бойынша хабарлама берген жерге тоқсан сайын, есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) Ереженің 7-қосымшасында белгіленген нысан бойынша жарғылық капиталға қатысу (акциялармен және қатысушылардың дауысымен) операциялары туралы, Ереженің 8-қосымшасында белгіленген нысан бойынша өзге операциялары туралы есеп ұсынады.

60. Уәкілетті банктер есептік кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына Ереженің 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша мынадай өз операциялары және резидент клиенттердің тапсырмасы бойынша бес жүз мың АҚШ долларынан асатын сомаға жүргізілген операциялар туралы есеп тапсырады:

- 1) брокер немесе басқарушы компания болып табылмайтын резиденттің резидент еместен резиденттің акцияларын (қатысу үлестерін, инвестициялық қорлардың пайларын) сатып алуы;
- 2) егер резидент дивиденд төлеу жүзеге асырылатын активті сатып алу бойынша тіркеу куәлігін және (немесе) валюталық операция жөнінде хабарлама

туралы куәлікті ұсынбаса, резидент еместен резидент алған (резидент емеске резидент \_\_\_\_\_ төлеген) \_\_\_\_\_ дивидендтер;

3) егер резидент өткізілетін активті сатып алу бойынша тіркеу куәлігін және (немесе) валюталық операция жөніндегі хабарлама туралы куәлікті ұсынбаса, брокер немесе басқарушы компания болып табылмайтын резиденттің резидент емеске резидент еместің акцияларын (қатысу үлестерін, инвестициялық қорлардың \_\_\_\_\_ пайларын) \_\_\_\_\_ сатуы.

Резидент осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тіркеу куәлігін және хабарлама туралы куәлікті ұсынған кезде, уәкілетті банк Ереженің 33-тармағына \_\_\_\_\_ сәйкес \_\_\_\_\_ ақпарат \_\_\_\_\_ ұсынады.

**Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

## **12-тарау. Капитал қозғалысының басқа операциялары**

61. Банктер Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша, көрсетілген Қосымшаның жалпы бөлігін және 4-бөлімін толтыра отырып, капитал қозғалысының басқа операцияларына қатысты өз операциялары туралы хабарлайды. Өзге резидент заңды тұлғалар, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға және ақша мен өзге мүлікті сенімгерлік басқаруға өткізуге байланысты операциялар туралы, сондай-ақ резидент жеке тұлғалар ақша мен өзге мүлікті сенімгерлік басқаруға өткізуге байланысты операциялар туралы Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша, көрсетілген Қосымшаның жалпы бөлігін және 4-бөлімін толтыра отырып хабарлайды.

**Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

62. Резиденттер (банктерді қоспағанда) алынған хабарлама туралы куәлік бойынша тоқсан сайын хабарлама берген орынға есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) Ереженің 8-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп ұсынады.

63. Жеке тұлға жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға байланысты төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізген кезде, жеке тұлғаның валюта операциясын жүргізгені туралы Ұлттық Банкке хабарлауы талап етілмейді. Уәкілетті банк көрсетілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы есептік кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) ай сайын Ұлттық Банкке Ереженің 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша \_\_\_\_\_ е с е п \_\_\_\_\_ б е р е д і .



Ескерту. 63-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

### **13-тарау. Резиденттердің шетелдік банктерде шоттар ашуы**

64. Резидент заңды тұлғалар (банктерді және Ұлттық почта операторын қоспағанда) Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша көрсетілген Қосымшаның жалпы бөлігін және 3-бөлімін толтыра отырып, шетелдік банктерде шоттар ашқаны туралы хабарлайды.

Ескерту. 64-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

64-1. Жеке тұлғаның Ұлттық Банкке шетел банктерінде шоттар ашу туралы хабарлауы талап етілмейді. Уәкілетті банк Ереженің 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп түрінде, ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына осындай шотқа (осындай шоттан) жасаған ақша аударымдардың көлемі туралы хабарлайды.

Ескерту. 64-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

65. Резидент заңды тұлғалар алынған хабарлама туралы куәліктер бойынша тоқсан сайын хабарлама берген орынға есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) Ереженің 10-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп ұсынады.

66. Резиденттер (банктерді қоспағанда) шетелдік банкте ашылған шот арқылы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортына және (немесе) импортына байланысты валюталық шарттар бойынша баламасы елу мың АҚШ долларынан астам сомаға төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізген кезде, есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) ай сайын хабарлама берген орынға Ереженің 11-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп береді. Есепте көрсетілген мәліметтердің шынайылығын бақылау мақсатында резиденттер Ұлттық Банктің сұратуы бойынша валюталық шартты, сондай-ақ Ереженің 36-тармағының 1), 4) 5) тармақшаларында және Заңның 12-бабының 3-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 66-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

6 7 . < \* >

Ескерту. 67-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

## **5-бөлім. Валютаны бақылау режимдерінің жеке жағдайлары**

68. Қатысушылар (тараптар және үшінші тұлғалар) ретінде бірнеше резидент болатын валюталық шартты тіркеу (хабарлау) кезінде тіркеу үшін валюталық шарт (валюта операциясы) сомасының басым бөлігі тиесілі валюталық шарттың резидент тарабы, мұндай тарап болмаған кезде резидент еместің алдындағы міндеттемелерді орындауды бірінші бастайтын (бастаған) валюталық шарттың резидент тарабы өтініш беруі қажет. Олай болмағанда, валюталық шарттың резидент тараптарының бірі валюталық шарттың басқа резидент тараптарының жазбаша келісімімен валюталық шартты тіркеуге (хабарлауға) өтініш береді.

Егер валюталық шартта резидент тарап жоқ болса, онда валюталық шартты тіркеу (хабарлау) үшін қаражат алушы (жіберуші) болып табылатын немесе резидент еместің алдында міндеттемелері немесе резидент емеске талаптары туындайтын валюталық шарттың резидент қатысушысы өтініш жасауы қажет.

Валюталық шартты тіркеу (хабарлау) үшін валюталық шарттың тарабы болып табылмайтын кез келген резидент қатысушы валюталық шарттың басқа резидент қатысушылардың жазбаша келісімімен өтініш жасауына болады.

Тіркеу туралы тиісті өтініште және тіркеу куәлігінде (тиісті хабарламада және хабарлама туралы куәлікте) барлық резиденттер және (немесе) резидент еместер - валюталық шарттың қатысушылары (кредитор - заем алушы - төлеуші, кредитор - заем алушы - гарант, инвестор - сатушы - инвестициялау объектісі, депозитарлық қолхатты шығарудың бастамашысы - депозитарлық қолхаттың эмитенті - базалық актив эмитенті, сатып алушы - сатушы - алушы, сондай-ақ валюталық шарттың өзге қатысушылары) көрсетіледі.

69. Қатысушылары бірнеше резидент болып табылатын валюталық шарт бойынша тіркеу куәлігі (хабарлама туралы куәлік) Ұлттық Банкке тіркеуге өтінішті бірінші берген шарттың резидент қатысушысына беріледі. Шарттың өзге резидент қатысушылары резидент еместің пайдасына төлемді жүзеге асырған және (немесе) мұндай валюталық шарт бойынша резидент еместен қаражат алған кезде уәкілетті банкке тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) нотариат куәландырған немесе Ұлттық Банк растаған көшірмесі

ұ с ы н ы л а д ы .

Тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) түпнұсқасын алған валюталық шарттың резидент қатысушысынан тіркеу куәлігінің көшірмесін алу мүмкін болмаған жағдайда, валюталық шарттың өзге резидент қатысушылары тіркеген (хабарлама берген) орын бойынша тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) көшірмесін беру туралы еркін нысанда жазбаша өтініш жасай алады.

Тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) түпнұсқасын алған резиденттің жазбаша келісімімен басқа резидент қатысушы тоқсан сайын тиісті нысандағы мәліметтерді ұсына алады, бұл жөнінде валюталық шарт тіркелген (хабарлама берген) жерге жазбаша хабарлайды. Ұлттық Банктің тіркеу куәлігін (хабарлама туралы куәлік) берген аумақтық филиалының немесе орталық аппаратының жазбаша келісімімен валюталық шартқа резидент қатысушылардың резидент емеспен өзара міндеттемелерін орындауға қатысты бөлігінде тоқсандық мәліметтерді дербес ұсынуына рұқсат беріледі.

Тіркеу куәлігі (хабарлама туралы куәлік) Ұлттық Банк валюталық шарттың барлық резидент қатысушыларынан міндеттемелерді толық орындағаны туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін күшін жойған деп саналады.

## **6-бөлім. Өтпелі ережелер**

7 0 . < \* >

**Ескерту. 70-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

71. Ережеге сәйкес хабарлауға тиіс болған шот ашуға немесе валюталық операция жүргізуге Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін тіркеу куәлігін алған резидент Ережеде белгіленген нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде тіркеу куәлігі бойынша есеп ұсынады.

Ереженің 37 және 50-тармақтарында көрсетілген шекті мәндерден аспайтын сомаға берілген тіркеу куәліктері және хабарлама туралы куәліктер бойынша есептер беру талап етілмейді.

**Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

7 2 . < \* >

**Ескерту. 72-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасында  
валюталық операцияларды  
жүзеге асыру ережесіне

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі  
Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап  
енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ айындағы

**Ақша төлемдері және (немесе) аударымдар туралы есеп**

Уәкілетті банктің атауы \_\_\_\_\_

P/ сN	операцияның коды	Жіберуші/Шетелдік банк						Резиденттілік белгісі	Экономика секторы
		Резиденттілік белгісі	Экономика секторы	Атауы/ аты-жөні	КҰЖЖ/ резиденттің СТН	Резиденттің БСН/ЖСН	Ел		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

**Кестенің жалғасы**

Бенефициар/Шетелдік банк				Төлем/аударым				Ескертпе
Атауы/ аты-жөні	КҰЖЖ/ резиденттің СТН	Резиденттің БСН/ЖСН	Ел	Күні	Валюта	Сомасы, төлем валютасының мың бірлігі	ТМК	
11	12	13	14	15	16	17	18	19

Басшы/Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (аты-жөні)

Орындаушы \_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

М ө р  
орны

**1-қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқау**

Уәкілетті банктер есепті Ереженің 8, 55-2, 60, 63, 64-1-тармақтарында  
көрсетілген жағдайларда ұсынады.

Клиенттерде хабарлама туралы куәлік болмаған кезде Есептің 2-бағанында  
операцияның мынадай кодтары көрсетіледі:

01 – резидент заңды тұлғалардың резидент еместерге 100 мың АҚШ доллары

баламасынан асатын сомаға жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға байланысты валюталық шарттар бойынша төлемдері;

02 – резидент еместерден резидент заңды тұлғаларға 500 мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомаға жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға байланысты валюталық шарттар бойынша түсімдер;

03 – резидент заңды тұлғалардың шетел банкіндегі меншікті шотына/шотынан түсімдер және (немесе) аударымдар;

04 – резиденттердің бағалы қағаздар бойынша валюталық шарттар, жарғылық капиталға 100 мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомаға қатысу үлестері бойынша төлемдері (тікелей инвестицияларды қоспағанда);

05 – резиденттерге валюталық шарттар бойынша бағалы қағаздар, жарғылық капиталға 500 мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомаға қатысу үлестері бойынша түсімдер (тікелей инвестицияларды қоспағанда);

06 – төлем/аударым сомасы (төлем сомасына негізгі актив кірмейді) 100 мың АҚШ доллары баламасынан асқан кезде туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша резиденттер мен резидент еместер арасындағы төлемдер және (немесе) аударымдар;

07 – ақша мен өзге мүлікті сенімгерлік басқаруға беру туралы валюталық шарт бойынша резиденттің резидент емеске сомасы 100 мың АҚШ доллары баламасынан асатын төлемдері;

08 – ақша мен өзге мүлікті сенімгерлік басқаруға беру туралы валюталық шарт бойынша резидент еместен резидентке сомасы 500 мың АҚШ доллары баламасынан асатын түсімдер;

Өзге жағдайларда Есептің 2-бағанында операциялардың мынадай кодтары көрсетіледі:

11 – брокер немесе басқарушы компания болып табылмайтын резиденттің резидент еместен резиденттің 500 жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомаға акцияларын (қатысу үлестерін, инвестициялық қорлардың пайларын) сатып алуы;

12 – егер резидент активті бастапқы сатып алу туралы тіркеу куәлігін және (немесе) хабарлама туралы куәлікті ұсынбаса, брокер немесе басқарушы компания болып табылмайтын резиденттің резидент емеске резидент еместің 500 мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомаға акцияларын (қатысу үлестерін, инвестициялық қорлардың пайларын) сатуы;

13 – резидент жеке тұлғалардың резидент еместерге 100 мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомаға жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға байланысты төлемдері;

14 – резидент жеке тұлғаларға резидент еместерден 500 мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомаға жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға

б а й л а н ы с т ы т ү с і м д е р ;

15 – резидент жеке тұлғалардың шетелдік банктегі өз шотына/шотынан түсімдер және (немесе) аударымдар;

16 – төлем/аударым сомасы 100 мың АҚШ доллары баламасынан асқан кезде жұмыстардың, қызмет көрсетулердің экспорты (импорты) бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға байланысты операциялар бойынша резиденттер және резидент еместер арасындағы төлемдер және (немесе) аударымдар.

17 – резидент еместен резидент алған (резидент емеске резидент төлеген), 500 мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы дивидендтер.

Есептің 3-18-бағандары Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісін – төлем мақсатының бірыңғай жіктеушісін қолдану туралы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ақша аударуға өтініш және басқа да төлем құжаттары негізінде толтырылады. 6, 12-бағандарда резидент заңды тұлғалар бойынша КҰЖЖ коды қойылады, резидент жеке тұлғалар бойынша С Т Н қ о й ы л а д ы .

Есептің 7, 13-бағандары код болған жағдайда толтырылады.

9 - 14-бағандарда резиденттер шетел банкіндегі шотқа аударған кезде ( операция коды – 03 және 15) шетел банкі туралы ақпарат толтырылады, өзге жағдайларда бенефициар туралы ақпарат толтырылады. 3 - 8-бағандарда резиденттің шетел банкіндегі шотынан аударған кезде (операция коды -03 және 15) шетел банкі туралы ақпарат толтырылады, өзге жағдайларда жіберуші туралы а қ п а р а т т о л т ы р ы л а д ы .

Резидент жеке тұлғалардың банк клиенттерінің төлемдері (аударымдары) бойынша 04, 05, 06 кодтары бар операциялар үшін 19-бағанда жеке тұлғаның м е к е н - ж а й ы к ө р с е т і л е д і .

11 коды бар операциялар үшін 19-бағанда бағалы қағаздары, жарғылық капиталға қатысу үлесі, инвестициялық пай қорының пайлары сатып алынған резидент заңды тұлға туралы ақпарат толтырылады.

Операция коды 15 болатын төлемдер бойынша резидент жеке тұлғалар бойынша ақпарат толтырылмайды: 5, 6, 7-бағандарда – шетелдік банктердегі шоттарға аударған жағдайда, 11, 12, 13-бағандарда – резиденттің шетелдік банктегі шотынан аударған жағдайда.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н д а  
в а л ю т а л ы қ о п е р а ц и я л а р д ы  
ж ү з е г е а с ы р у е р е ж е с і н е  
1-1-қосымша

Ескерту. 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

**Бұзушылық бойынша N \_\_\_\_\_ карточка**  
**\_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_ есепті ай**

Уәкілетті банктің аты \_\_\_\_\_

N	Ақпарат түрі	Жол коды	Бұзушылық жөніндегі ақпарат
	Банк клиенті бойынша ақпарат:	10	
1	Атауы (заңды тұлғалар үшін) Аты-жөні (жеке тұлғалар үшін)	11	
2	КҰЖЖ коды/БСН (заңды тұлғалар үшін)	12	
3	СТН/ЖСН коды (жеке тұлғалар үшін)	13	
4	К л и е н т т і ң 1 – заңды тұлға/2 – жеке тұлға	белгісі: 14	
5	Мекен-жайы	15	
6	Облыстың коды	16	
	Валюталық операция бойынша ақпарат:	20	
7	Күні	21	
8	Сомасы	22	
9	Валюта	23	
	Бұзушылық жөніндегі ақпарат:	30	
10	Түрі	31	
11	Бұзушылықтың сипаттамасы	32	
12	Келісім-шарттың нөмірі	33	
13	Келісімшарттың күні	34	
14	Қосымша мәліметтер	35	

**1-1-қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқау**

Коды 16 жолда әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктемесіне (ӘАОЖ) ҚР МЖ 11-2003 сәйкес облыстар кодының бастапқы 2 цифры көрсетіледі.

Ақпарат немесе құжаттар берудің мерзімі бұзылған жағдайда 21-23 жол кодтары толтырылмайды.

Коды 21 жолда валюталық заңнаманы бұза отырып валюталық операция жүргізілген күн көрсетіледі.

Коды 22 жолда валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операциялардың сомасы операция валютасының мың бірлігімен көрсетіледі.

Коды 23 жолда валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операциялар бойынша валютаның коды ҚР МЖ 07 ИСО 4217-2001 "Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар" мемлекеттік жіктемесіне сәйкес көрсетіледі.

Коды 31 жолда код форматындағы бұзушылықтың түрі көрсетіледі және коды 32 жолда мәтіндік форматта бұзушылықтың қысқаша сипаттамасы келтіріледі.

Коды 33, 34 жолдар валюталық заңнама бұзыла отырып жүргізілген валюталық операциялар бойынша келісім-шарт болған кезде толтырылады.

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесіне

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

20 жылғы \_\_\_\_\_ айындағы

**Жеке тұлғалардың ақша төлемдері/аударымдары туралы есеп**

Уәкілетті банктің атауы \_\_\_\_\_

N	Ақша жіберушінің (алушының) аты-жөні	Ақша жіберушінің (алушының) резиденттілік белгісі	Жеке тұлғаның (СТН/ЖСН-ы)	Жеке тұлғаның (СТН)	Төлем/аударым белгісі	Төлем/аударым мақсатының коды	Төлем/аударым жүргізу күні
1	2	3	4	5	6	7	8

Кестенің жалғасы

Шот нөмірі	Төлем/аударым валютасы	Төлем/аударым валютасының бірлігі, сомасы	Сомасы, мың АҚШ доллары	Ақша алушының (жіберушінің) елі	Ақша алушы (жіберуші) туралы қолда бар ақпарат		
					Резиденттілігі	Экономика секторы	Жеке тұлғаның аты-жөні не заңды тұлғаның атауы
9	10	11	12	13	14	15	16

Басшы/Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(қызметі) (қолы) (аты-жөні)

Орындаушы \_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_

(қолы) (аты-жөні)

200 жылғы " " \_\_\_\_\_

Мөр орны



## 2-қосымшаны толтыру бойынша нұсқау

Есепті уәкілетті банк Ереженің 12-тармағында көрсетілген жағдайда уәкілетті банктің төлем карточкаларын пайдалана отырып жеке тұлғаның банк шоты бойынша жүзеге асырылған операциялары бойынша жеке, және жеке тұлғалардың төлем карточкаларын пайдаланбай банк шоты бойынша не шоттар ашпай жүргізілген аударымдары бойынша жеке ұсынады.

3, 8, 10, 13, 14 және 15-бағандар бойынша деректер Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісін – төлем мақсатының бірыңғай жіктеушісін қолдану туралы нормативтік құқықтық актілерінде көзделген форматтарда және кодтарда көрсетіледі. Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын операциялар үшін 10 және 11-бағандарда төлем/аударым/ақша алу валютасы мен сомасы бойынша деректер көрсетіледі, ал 14 және 15-бағандар толтырылмайды.

4-баған бойынша жеке тұлғаның 12 мәнді СТН-ы, 5-баған бойынша жеке тұлғаның ЖСН-ы көрсетіледі. Резидент емес жеке тұлғада СТН/ЖСН-ы болмаған жағдайда баған толтырылмайды.

6-баған бойынша егер төлемді/аударымды есеп беріп отырған банк жіберген болса "жіберілген" деген жазба, егер төлемді/аударымды есеп беріп отырған банк алса "алынған" деген жазба, төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша алынған жағдайда "ақша алу" деген ж а з б а жү р г і з і л е д і .

7-баған бойынша жеке тұлға ақша аударуға (алуға) арналған тапсырмада (өтініште) көрсеткен ақша төлемі/аударымы мақсатының коды қойылады. Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын банк шоты бойынша ақша төлемі/аударымы үшін баған толтырылмайды.

9-баған бойынша оның атына/атынан аударым жүзеге асырылған жеке тұлғаның ағымдағы шотының нөмірі көрсетіледі. Банк шотын ашпай жасалған аударымдар үшін баған толтырылмайды.

12-баған бойынша ақша төлемі/аударымы сомасы мың АҚШ долларымен көрсетіледі. Егер төлем/аударым АҚШ долларынан өзге валютада жүзеге асырылса, онда төлем сомасының АҚШ долларындағы баламасы операция жасалған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып е с е п т е л е д і .

13-баған бойынша 6-бағанда көрсетілген (жіберілген/алынған/ақша алу) ақша төлемінің/аударымының белгісіне байланысты бенефициар/ақша жіберушінің/ақша алу елінің коды қойылады.

16-баған бойынша ақша аударуға (алуға) арналған тапсырмаға (өтінішке) сәйкес бенефициардың/ақша жіберушінің жеке тұлғаның

аты-жөні не заңды тұлғаның атауы, не бенефициар/ақша жіберуші туралы, уәкілетті банктің аударым жүзеге асырылған төлем карточкасына сәйкес келетін төлем карточкалары жүйесінде көзделген ақпарат көрсетіледі. Төлем карточкасын пайдалана отырып қолма-қол ақша алған жағдайда баған толтырылмайды.

Қазақстан Республикасында  
валюталық операцияларды  
жүзеге асыру ережесіне

### 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

**20 \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_ айдағы**  
**Тіркеу куәліктері және Ұлттық Банктің**  
**Хабарлама туралы куәліктері бойынша**  
**қаражат қозғалысы туралы есеп**

Уәкілетті банктің атауы \_\_\_\_\_

Р/с N	Тіркеу куәлігінің /хабарлама туралы куәліктердің нөмірі	Ақша жіберуші		Бенефициар	
		Резиденттік белгісі	Атауы/ аты-жөні	Резиденттік белгісі	Атауы/ аты-жөні
1	2	3	4	5	6

### кестенің жалғасы

Төлем мақсатының коды (ТМК)	Төлем күні	Төлем валютасы	Төлем валютасының (төлем валютасының бірігімен)	Ескерту
7	8	9	10	11

Басшы/Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

( қ ы з м е т і )

\_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)  
Орындаушы \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)  
телефон \_\_\_\_\_  
200 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ Мөр орны

### **3-қосымшаны толтыру бойынша нұсқау**

Уәкілетті банктер Ұлттық Банкте тіркелген немесе Ұлттық Банктің хабарлама туралы куәліктері алынған валюталық шарттар негізінде жүзеге асырылған барлық төлемдер (түсімдер) бойынша есеп ұсынады. Есептің 3-10-бағандары Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісін - төлем мақсатының бірыңғай жіктеушісін қолдану туралы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ақша аударуға өтініш немесе басқа да төлем құжаттары негізінде толтырылады. Егер төлем сомасына банктің (алушы банктің және/немесе жіберуші банктің) комиссиясы кірсе, комиссия сомасы "Ескерту" 11-бағанында көрініс табады. Ескертуде төлемнің басқа да ерекше талаптарына сілтеме болуы м ү м к і н .

Резидент заңды тұлғалар шетелдік банктегі өз шотына/өз шотынан ақша қаражатын аударған кезде бенефициар/қаражатты жіберуші ретінде резиденттің шоты ашылған шетелдік банк көрсетіледі.

Ақша қаражаты валюталық заңнамаға сәйкес жіберушінің нұсқауларын сақтау шоты арқылы резиденттің шотына түскен кезде төлем күні болып резиденттің шотына қаражат түскен күн саналады. Бұл ретте жіберушінің нұсқауларын сақтау шотына қаражаттың түскен күні "Ескерту" 11-бағанда көрсетілуі тиіс

Қазақстан Республикасында  
валюталық операцияларды  
жүзеге асыру ережесіне

#### 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулысымен.

**N \_\_\_\_\_ ТІРКЕУ КУӘЛІГІ/  
ХАБАРЛАМА ТУРАЛЫ КУӘЛІК**

(N \_\_\_ тіркеу куәлігінің/хабарлама туралы  
куәліктің орнына берілді)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы арқылы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ тіркеу туралы/хабарлама туралы куәлік етеді  
(валюталық операцияны жіктеу)

Валюталық шарт туралы/шетел банкіндегі шот (болған жағдайда) туралы  
м ә л і м е т :

1. Валюталық шарттың аты, нөмірі, күні/шетел банкіндегі шоттың нөмірі

2. Валюталық шартқа қатысушылар:  
Резиденттер:

(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның  
аты - жөні, қала / облыс)

Резидент еместер:

(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның  
аты - жөні, елі)

3. Валюталық шарттың сомасы \_\_\_\_\_  
(санмен және шарт валютасындағы жазумен)

4. Шарт/шот валютасы \_\_\_\_\_

5. Валюталық шоттың мәні \_\_\_\_\_  
(валюталық шарттың мақсаты мен мәні)

6. Валюталық шартты қолдану мерзімі \_\_\_\_\_  
(қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді)

Ескерту \_\_\_\_\_

Тіркеу/хабарлау күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Осы тіркеу куәлігі/хабарлама туралы куәлік осы операция/осы  
шот бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан  
қандай да бір міндеттемелерсіз берілді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Департаментінің/филиалының  
Директоры/директордың орынбасары \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)

**4-қосымшаны толтыру бойынша нұсқау**

Егер валюталық шарттың бір тарабы ретінде резидент болса да, резидент емес болса да валюталық шарттың сомасы резиденттер мен резидент еместер арасындағы өзара міндеттемелерге қатысты ғана к ө р і н і с т а б а д ы .

Валюталық шартта нақты сома белгіленбесе валюталық шарттың с о м а с ы т о л т ы р ы л м а й д ы .

Валюталық шарттың қолданылу мерзімі (қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді) қаржы заемдары мен коммерциялық кредиттер тіркелген/хабарланған жағдайда ғана қойылады. Валюталық шарттан оның қолданылу мерзімін нақты белгілеу мүмкін болмаған жағдайда, қолданылу мерзімі қысқа мерзімді сияқты етіп көрсетіледі.

Шетел банкінде шот ашу туралы хабарлаған жағдайда валюталық шарттың сомасы, валюталық шарттың мәні мен мерзімі толтырылмайды.

Егер шоттың талаптарында шоттың валютасы ретінде екі немесе одан көп валюта көзделсе, шоттың валютасы мультивалюталық ретінде көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында  
валюталық операцияларды жүзеге  
асыру ережесіне

#### 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкінің 2007.06.25 N 60, өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 76 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

### **Тіркеу куәлігін/валюталық операция туралы хабарламаны алуға өтініш**

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның аты-жөні)

КҰЖЖ коды \_\_\_\_\_ СТН \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_ БСН \_\_\_\_\_ (бар болса)

1. Валюталық шарттың N \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
(күжаттың атауы)  
(мақсаты мен мәні)

2. Валюталық шартқа қосымша ретінде мына құжаттар ұсынылды  
(тіркеуге өтініш берген кезде толтырылады)  
(күжаттың атауы, ресімдеу нөмірі,  
күні)

3. Валюталық шартқа қатысушы резидент(тер):

Заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның аты-жөні)

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

телефон \_\_\_\_\_

Қызмет көрсететін банк(тер) \_\_\_\_\_

4. Валюталық шартқа қатысушы резидент емес(тер):

Заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның аты-жөні)

Заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасы  
Экономика секторы

Заңды тұлғаның тіркелген елі \_\_\_\_\_  
(жеке тұлғаның тұрғылықты)

Мекен-жайы, банктік деректемелері

5. Ұлттық Банктің осы валюталық шарт бойынша алдында берген  
лицензияларының нөмірі

6. Ұлттық Банктің осы валюталық шарт бойынша алдында берген тіркеу  
куәліктерінің нөмірі

7. Ұлттық Банктің осы валюталық шарт бойынша алдында берген  
хабарлама туралы куәліктерінің нөмірі

8. Мынадай толтырылған бөлімдер ұсынылды (белгіленсін):

\_\_\_ 1-бөлім. Коммерциялық кредиттер және қаржы заемдары,

\_\_\_ 2-бөлім. Жарғылық капиталға қатысу, бағалы қағаздармен

және туынды қаржы құралдарымен операциялар,

\_\_\_ 3-бөлім. Шетел банкінде шот ашу,

\_\_\_ 4-бөлім. Капитал қозғалысының басқа да операциялары.

Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы:

(қызметі) \_\_\_\_\_ (аты-жөні) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_

200\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

## 1-бөлім. Коммерциялық кредиттер және қаржы заемдар

1. Валюталық шарттың сомасы \_\_\_\_\_  
(санмен және валюталық шарттың

валютасында жазумен) \_\_\_\_\_

2. Шарттың валютасы \_\_\_\_\_
3. Шектеулі келісім (бар болған кезде) N \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_
4. Резиденттің резидент емеске қатынасы (белгіленсін):  
\_\_\_\_\_ тікелей инвестор  
\_\_\_\_\_ тікелей инвестициялау объектісі  
\_\_\_\_\_ б а с қ а
5. Кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы ставкасы (мүдде) жылдық \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (өзгермелі пайыздық ставка болған жағдайда оны есептеу  
базасы \_\_\_\_\_ және маржа мөлшері көрсетілсін  
\_\_\_\_\_)
6. Негізгі борыш бойынша мерзімі өткен төлемдер үшін ставка:  
\_\_\_\_\_ мерзімі \_\_\_\_\_ өткен \_\_\_\_\_ әрбір \_\_\_\_\_ күнге  
\_\_\_\_\_ б а с қ а ( т а л д а м а  
жасалсын) \_\_\_\_\_
7. Ілеспе төлемдер (ұйымдастырғаны үшін, басқарғаны үшін комиссия,  
міндеттемелер және басқа үшін комиссия) \_\_\_\_\_
- (салыстырмалы көлемде көрсетілсін (кредит сомасының, негізгі  
\_\_\_\_\_ борыштың және т.б. %)
8. Операцияның қысқаша сипаттамасы (ақы төлеу бойынша нұсқау,  
қаражат қозғалысының кестесі және басқасы) \_\_\_\_\_
- 8-1. Агент (оператор, ұйымдастырушы) (болған кезде) туралы  
м ә л і м е т т е р :
- Резидент \_\_\_\_\_ Резидент емес \_\_\_\_\_ (белгіленсін)  
Заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_
- Резидент туралы ақпарат: мекен-жайы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_
- Код КҰЖЖ \_\_\_\_\_ СТН/ЖСН/БСН \_\_\_\_\_
- Резидент емес туралы ақпарат: тіркелген елі \_\_\_\_\_
- 8-2. Айрықша жағдайлардың болуы (белгіленсін):  
\_\_\_\_\_ заемшының ұзартуға құқығы  
\_\_\_\_\_ заемшының мерзімінен бұрын өтеу құқығы  
\_\_\_\_\_ кредитордың берешекті мерзімінен бұрын өтеуді талап ету  
қ ұ қ ы ғ ы

\_\_\_\_\_ басқа да (талдап жазу) \_\_\_\_\_

9. Осы валюталық шарт шеңберінде қаржыландыратын келісім-шарттар туралы мәлімет (банктер және өзге де қаржы институттары егер бар болса өз операциялары туралы хабарлау кезінде толтырады):

9.1. Аппликант (банктің немесе өзге қаржы институтының қаржыландыруды сұрататын клиенті) \_\_\_\_\_ туралы мәлімет:

Резидент \_\_\_\_\_ Резидент емес \_\_\_\_\_ (белгіленсін)

Заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_  
(жеке тұлғаның аты-жөні)

Резидент туралы ақпарат: мекен-жайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ телефон

КҰЖЖ коды \_\_\_\_\_ СТН/ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген (жеке тұлғаның тұрғылықты) елі \_\_\_\_\_

9.2. Қаржыландырылатын келісім-шарттар туралы мәлімет:

